

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

Байболова А.Қ.

Журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының
технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 20 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі
цехының технологиялық бөлімін жобалау»


5B072200 – Полиграфия

Орындаған

А.К. Байболова

Ғылыми жетекші

КТ каф. лекторы

 Ж.Ж. Толыбаева

« 20 » 05 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Көлік техникасы кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 17 » 11 2018 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Байболова Айдана Қанатқызы

Тақырыбы: «Журнал өнімдерін шығаратын баспаханың басуға дейінгі
цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет Ректорының 2019 жылғы «06» қараша № 1252-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «22» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: журнал 1: басылымның форматы
мен бөлшегі: $70 \times 100^{1/6}$; $V(\text{ф.б.т.})=3$; $T=35$; $H=25$; $M=12$; Бояулығы: $4+4$;

журнал 2: басылымның форматы мен бөлшегі: $60 \times 84^{1/8}$; $V(\text{ф.б.т.})=8$; $T=30$;
 $H=22$; $M=24$; Бояулығы: $4+4$; журнал 3: басылымның форматы мен бөлшегі:

$60 \times 90^{1/8}$; $V(\text{ф.б.т.})=9$; $T=45$; $H=18$; $M=12$.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлім

б) Еңбекті қорғау бөлімі

в) Экономикалық бөлім



Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): Сызба
материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан, жабдықтардың
жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, технико-экономикалық
көрсеткіштерінен тұрады.



Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 14 атау

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Еңбекті қорғау бөлім	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	20.05.19	
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	20.05.19	

Ғылыми жетекші  Ж.Ж. Толыбаева
Тапсырманы орындауға алған білім алушы  А.Қ. Байболова
Күні « 15 » 11 2018 ж.

АҢДАТПА

Жобаланатын дипломдық жобада журнал өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімі қарастырылған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- еңбекті қорғау бөлімі;
- экономикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде басуға дейінгі цехының технологиялық процесі жобаланды. Таңдалған жабдықтар қазіргі заманға сай, жылдамдығы жоғары, сапасы жақсы машиналармен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, дипломдық жобада қажетті жабдықтар саны, негізгі материалдар шығыны, жұмысшылар саны және т.б. қажетті көрсеткіштер келтірілген.

Экономикалық бөлімде жобаланған цехтың технологиялық тиімділігі көрсетілген.

Еңбекті қорғау бөлімінде басуға дейінгі цехта жарықтандыру мәселелері қарастырылды.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 50 беттен, 22 кестеден, 1 суреттен тұрады.

Сызбалық бөлім келесі сызба түрінде берілген:

- басылымды басуға дейінгі цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;
- басуға дейінгі цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштері.

АН

В дипломном проекте рассматривается технологическая часть допечатного цеха типографии по выпуску журнальной продукции.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологическая часть;
- охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части проекта дается полное описание технологическому процессу допечатного цеха. Выбранное оборудование типографии соответствует современным требованиям, оснащенным высокоскоростными и современными машинами.

В дипломном проекте рассчитаны количество необходимого основного оборудования, расход основных материалов, подсчитан рабочий персонал и другие показатели.

В экономической части рассчитана эффективность технологического оборудования допечатного цеха.

В разделе охраны труда рассмотрены вопросы освещения допечатного цеха.

Пояснительная записка дипломного проекта состоит из 50 страниц, 22 таблиц, 1 рисунка.

Графическая часть проекта представлена в виде чертежей:

- технологическая схема изготовления издания в допечатном цехе;
- планировка производства;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

THE SUMMARY

In the designed thesis project is considered the technological part of the prepress shop printing on journal production.

The graduation project consists of the following sections:

- technological part;
- occupational safety and health;
- the economic part.

The technological part of the project provides a full description of the technological process of the prepress shop. The chosen equipment of the printing house meets modern requirements, equipped with high-speed and modern machines.

In the thesis project, the amount of the main equipment required, the consumption of basic materials are calculated, the working personnel and other indicators are calculated.

In the economic part, the efficiency of technological equipment of the prepress shop was calculated.

In the section of labor protection considered the issues of lighting prepress shop.

Explanatory note of the graduation project consists of 50 pages, 22 tables, 1 pictures.

The graphic part of the project is presented in the form of drawings:

- technological scheme of production of the publication in the prepress shop;
- production planning;
- traffic flow diagram;
- emergency evacuation plan;
- technical and economic indicators.

МАҒАҒЫМАҒЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Басуға дейінгі процесі технологиясының басу әдісін таңдау	10
1.2	Басылымның техникалық сипаттамасы	11
1.3	Басылымдарды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы	12
1.4	Таңдалған технологиялық процесті талдау және орнықтыру	13
1.5	Негізгі жабдықтарды таңдау	20
1.6	Бақылау-өлшеу құралдарын таңдау және орнықтыру	26
1.7	Негізгі материалдарды таңдау	28
1.8	Технологиялық есептеулер	29
2	Еңбекті қорғау бөлімі	30
2.1	Жарықтандыру	30
2.2	Жұмыс орынның жасанды жарықталуы	31
3	Экономикалық бөлім	32
3.1	Күрделі (бірреттік) шығындар	32
3.1.2	Ағынды үлестірімдер (айлық шығындар)	35
	Қорытынды	42
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	43
	А қосымша	
	Б қосымша	
	В қосымша	

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта полиграфия өндірісінде түбегейлі жаңашыл өзгерістер болуда. Оқырмандардың жоғарғы сұранысы үлкен талап пен бәсекелестікті тудыруда, сондықтан да қазіргі заман технологияларымен қамтамасыз етілген полиграфия өндірістері күннен-күнге даму үстінде. Соңғы онжылдықтардағы ғылыми-техникалық прогрестің жалпы өркендеуі проблемаларды кең кешенді қамтитын полиграфия өндірісінің техникасы мен технологиясын да күрт өзгерістерге алып келді.

Полиграфияның ірі саласының бірі – журналдық басылым өнімдерін шығару болып табылады. Полиграфияда үш негізгі кезең бар, олар басуға дейінгі, басу және кітапшалау-түптеу цехтары. Біз жобаланған өндірісте басуға дейінгі цехының технологиялық процесі жобаланған.

Бүгінгі таңда – жаңа полиграфиялық кешендер, технологиялар, жоғары сапалы материалдар және қызмет көрсетулер жақсы сұраныста. Соңғы жылдары ақпараттық технологияның дамуы баспа істерін және баспа қызметінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Бір жағынан тапсырыс берушінің тапсырыс сапасына және оның орындалу уақытына, қоятын талаптары жоғарылауда, сонымен қатар баспа өнімінің жалпы атау саны өсуде. Екінші жағынан, технологияның жаңа заманға сай келуі, әр түрлі жеткізушіден алынған технологиялар жаңа полиграфиялық мүмкіндікті береді.

Полиграфия саласының дамуы, оның күштілігі өндірістегі өнеркәсіптің, мәдениеттің және білімнің деңгейін көтереді. Полиграфиялық өндіріссіз мәдениеттің және білімнің, жақсы жарнамалар мен өндірілетін тауарлардың сапа деңгейі төмендейді, ал кейбір өнеркәсіптік салаларда полиграфиясыз өндіріс те болмайды. Мәдениеттің дамуы басу тәуелсіздігі, сонымен қатар полиграфияда өнеркәсіп секторы кітап, газет, оқулықтар, периодтық және ғылыми әдебиеттердің басылымымен байланысты.

Полиграфияда өндірістік процесті жобалау маңызды роль атқарады, себебі өндірістік процестің жобалануына қарай таралымның шығарылуы, жабдық пен жұмысшылардың бос болмауы, басылымды дайындау еңбек сыйымдылығы, көмекші материалдар шығынына байланысты болады. Сондықтан өнім сапасы жоғары, көп сұранысқа ие болуы үшін, біріншіден шығарылатын өнім қажетті болуы тиіс. Мен жобалаған полиграфиялық өндірісте шығарылатын өнім – көпшілік оқырмандарға арналған журналдық басылымдар. Бұл басылымдар әр оқырманға жан-жақты ақпарат бере алады [1].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басуға дейінгі процесі технологиясының басу әдісін таңдау

Басу әдісін таңдау кезінде өнімнің түріне көңіл аудару өнімді дайындау мінездемесін элементтерінің бояулығына, таралымға, өнімді шығару уақытына, талаптарға сай сапасын естен шығармауымыз керек.

Басу әдісінің бірнеше түрі бар. Басу формасындағы басылым және ашық элементтердің орналасуына байланысты үш негізгі басу әдісі кездеседі:

- шығыңқы басу әдісі;
- ойыңқы басу әдісі;
- офсеттік басу әдісі.

Осы замандағы полиграфия әлемінде негізгі басылым әдісі болып – офсеттік басылым әдісі саналады.

Офсеттік басылым әдісі – классикалық басылым әдісінің бір түрі, ол өзінің жоғары сапасы, экономикалық жағынан және өнімділігі жағынан алда келе жатқан әдістің түрі. Бұл басылым баспа өнімінің жоғары сапасын, ұсақ бөлшектердің жақсы болуын, жартылай тонның жақсы берілуін қамтамасыз етеді.

Жұмыс барысы былай жүргізіледі: қандай да бір бейне арнайы түрде өңделген пластинаға қойылады, содан кейін қосымша офсеттік цилиндр көмегімен тасымалданатын аралық негізге беріледі.

Соңғы жылдары офсеттік басылым әдісі қарқынды түрде дамығаны байқалып жатыр. Офсеттік басылым келешегі бар және негізгі басылымдардың бірі болып саналады. Офсеттік басылыммен бір және көпбояулы өнімдерді басуға болады.

Офсеттік басу әдісінің мынадай қасиеттері бар: бейнелік және көпбояулы өнімді шығарудағы жоғары экономикалық тиімділігі. Кез келген сұрыптағы қағазды пайдалана алады. Жоғары сапалы басу формаларын дайындауда өндірістік циклінің азаюы, оның жоғары таралым тұрақтылығы және төмен өзіндік құны бар. Түпнұсқаны жоғары дәлдікпен шығарады. Үлкен жылдамдықта басу мүмкіндігі бар, бір табақ өтімінде төрт бояу, екі жақты басу мүмкіндігі, мәтінді жақсы шығару, түрлі-түсті бейнелерді жоғары сапада шығарады, өндірістік процестегі стандарттау және автоматизациялау деңгейі жоғары сатыда болады және қалдықтар аз.

Офсеттік басу әдісі бейненің сызықты элементтерін жоғары дәлдікте берілуін қамтамасыз етеді. Басу формасын дайындау бағасы, басқа басу әдістеріне қарағанда төмендеу, жұмыс жылдамдығы да жоғарырақ, басу машинасын жұмысқа дайындауға кететін уақыт аз, қатырмада басу мүмкіндігі бар. Осының барлығы басылымның өзіндік құнын төмендетеді.

Офсеттік формаларда әртүрлі форматты өнімдерді дайындауға болады. Форманың қалыңдығы 0,1-0,8 мм, өлшемі басу машиналарының түріне байланысты. Офсеттік басылым формаларының басылым элементтері гидрофобтық қасиетке ие, яғни бояуды өзіне тартады. Ал ашық элементтер

керісінше сумен жақсы ылғалданады және оны өзінің бетінде ұстайды. Олар гидрофильдік қасиетке ие болады [1].

Басу әдісін таңдауда біріншіден басылым түріне, полиграфиялық сапа шарттарын орындау талаптарына, басылымның шығу мерзіміне, таралымдығына, өндірістің технологиялық мүмкіндіктеріне көңіл бөлу керек.

Офсеттік басу әдісі жоғары жылдамдықты машиналарда, басылымды басу жылдамдығы жоғары, сондай-ақ басу формасын даярлауына аз уақыт кетуін, осы тұрғыда өндірісті ұйымдастыруда тиімді шешім ретінде пайдалану керек.

Қазіргі уақытта офсеттік басу әдісін пайдаланатын өндірістің технологиясы мен техникасы бұл талаптарды толығымен қанағаттандырады деп айтуға болады.

Басу тәсілін таңдау кезінде мыналарды ескеру керек:

- әртүрлі әдіспен басу кезінде басылымның полиграфиялық орындалуының сапасы, әрбір басу тәсілінің өзінің артықшылықтары;

- басылым шығаруда пайдаланатын басу машинасының сипаты, оның өнімділігі, басылымды шығару мерзімділігі, машинаны пайдалану уақыты.

- басу техникасын қойып пайдалану күрделілігі, әзірлеу-қорытынды операциясының ұзақтылығы, басу формасын жасауының еңбек сыйымдылығы, бөлмелер ішіндегі климаттық талаптар, жабдықты пайдалану үшін арнайы инженерлік құрылыстарды салу қажеттілігі және т.б.;

- басу және басу формасын даярлау цехтарындағы өндірістің зияндылығы, қайта шығарудың бірдей сапасында зияндылығы аздау басу тәсілін пайдалануға ұмтылу. Ол инженерлік құрылысты қойып пайдалану жағынан белгілі бір экономикалық эффект береді;

- кәсіпорынды салып пайдалану кезіндегі өндірістің экономикалық тиімділігі.

Біз таңдаған технология «компьютер – басу формасы» деген атпен белгілі. Басылым парағындағы бейне-кескінді бірден формалық пластинаға жаздыруға мүмкіншілігі бар, яғни технологиялық тізбектен фотоформа даялау операциясы алынып тасталады. Яғни, ақпарат толығымен компьютерден «компьютер – басу формасы» технологиясына арналған құрылғыда сәулеленіп, айқындалып, жуып шайылады [2].

1.2 Басылымның техникалық сипаттамасы


Жобаланатын өндірісте бір жылға берілетін жүктеме болуы тиіс. Онда басылымдардың толық шығаратын мәліметтері беріледі. Жобаланатын басылымдардың техникалық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте – Басылымдардың техникалық сипаттамасы

Көрсеткіш аты	Басылымның техникалық сипаты		
	Журнал 1	Журнал 2	Журнал 3
Басылымның түрі	Журнал 1	Журнал 2	Журнал 3
Басылымның форматы, см	70×100 ¹ / ₁₆	60×84 ¹ / ₈	60×90 ¹ / ₈
Таралымы, мың дана	35	30	45
Атау саны	25	22	18
Мерзімділігі	12	24	12
Жылына шығарылатын өнімнің саны, мың дана	10500	15840	9720
Көлемі:			
Физ.баспа табақта	3	8	9
Шартты баспа табақта	3.9	7,44	9
Қағаз табағында	1,5	4	4,5
Беттерде	48	68	72
Безендіру варианты	Екінші	Екінші	Екінші
Негізгі мәтіннің гарнитурсы:			
Негізгі мәтіннің	журналдық	журналдық	журналдық
Қосымша мәтіннің	журналдық	журналдық	журналдық
Негізгі мәтіннің кеглі:			
Негізгі мәтіннің	14	14	14
Қосымша мәтіннің	10	10	10
Көзге көрінерлік шрифт	Қалың	Жартылай қалың	Жартылай қалың
Бейнелер	Түрлі-түсті, жартылай реңді	Түрлі-түсті, жартылай реңді	Түрлі-түсті, жартылай реңді
Беттеу түрі	Екі бағанды	Екі бағанды	төрт бағанды
Басу әдісі	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік
Басылымның бояулығы:			
блок	4 + 4	4 + 4	4+4
мұқаба	4+4	4+4	4+4
Мәтіндегі бейнелердің пайыздық қатынасы	40	50	60
Күрделілік тобы	I	I	I
Басу формасының жылдық саны:			
Басылым үшін	3600	16896	7776
Мұқаба үшін	1200	2112	864

1.3 Басылымдарды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы

Әр технологиялық процестің өзіндік ерекшеліктері бар. Сол себепті басылымды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы біз таңдаған «Computer- to- plate» технологияға байланысты таңдалады. Ол сұлбаның кескіні 1-суретте көрсетілген.



1 Сурет – Басылымдарды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы

1.4 Таңдалған технологиялық процессті талдау және орнықтыру

Басуға дейінгі дайындық (prepress) – бұл мәтін мен бейнелік ақпаратты басуға дайындайтын технологиялық процесстің бірі болып табылады.

Басуға дейінгі дайындық деп басуға арналған макетті дайындайтын жұмыстарды айтамыз. Жұмыс көлемі әр түрлі және қиын болуы мүмкін. Бұл ережеге сәйкес, мәтін теру, шрифттерді таңдау, сканерлеу, макетті жинақтау, беттерді беттеу, қабылдануы, материал таңдау және басуға дайындау жатады.

Түпнұсқа (оригинал, макет) – полиграфиялық техниканың көмегімен басып шығаруға арналған мәтіндік және бейнелік материалды айтады. Түпнұсқа автордың немесе авторлық ұжымның шығармашылық еңбегінің нәтижесі болып саналады.

Түпнұсқаны теруге даярлау. Полиграфияда баспаханадан түскен полиграфиялық өңдеуге арналған барлық материалдар арнайы дайындалған авторлық қолжазбасы, суреттер, сызбалар, бейнелер-түпнұсқа деп аталады.

Барлық баспаханалық түпнұсқалар мәтіндік және бейнелік болып бөлінеді. Көбіне мәтіндік түпнұсқалар келесі түрлерден тұрады: полиграфиялық, қолжазба, түпнұсқа – макет, репродукцияланған түпнұсқа – макеті және кодталған макет.

Теруге даярланған түпнұсқаға терудің техникалық көрсеткіштері көрсетілген өндірістік спецификация тіркеледі. Онда мәтіннің барлық түрін теруге арналған гарнитура, кегль, шрифт, ерекшеленулер түрлері көрсетіледі. Түпнұсқаның өзі келесі ретте белгіленеді: бірінші беттің сол жоғарғы бұрышында шрифт гарнитурасы және кеглі, теру форматы, абзац өлшемі жазылады. Ерекшеленетін сөздер асты келесідей сызылады: тік сызық – жартылай қалың, ирек сызық – курсив, үзік сызық – разрядка, екі тік сызық – жазба белгілері. Жиегіне шығарылған барлық түсініктемелер қоршауға алынады [2].

Компьютерлік теру негіздері. Компьютерлік баспаханалы жүйе базасымен, жүйелік қамту бағдарламаларымен, мәтінді-бейнелік ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламалармен қамтылған автоматтандырылған жұмыс орны, түрлі полиграфиялық өнімнің басуға дейінгі өндірісін қамтиды.

Барлық автоматтандырылған жұмыс орны үш негізгі операциядан тұрады: ақпаратты енгізу, ақпаратты өңдеу және нәтижесін шығару.

Әр автоматтандырылған жұмыс орнының негізгі жабдығы – дербес компьютер, оған тұтынушы бұйрық береді, ал дербес компьютер оны орындайды. Бұйрық операциялық жүйемен анықталады. Ақпаратты енгізуге пернелер тақтасы, сканер, диск енгізгіштері пайдаланылады. Ақпаратты өңдеу тышқан көмегімен басқарылатын компьютер процесорымен іске асады. Ақпаратты өңдеу нәтижелері манитор бетіне шығады. Мәтінді теру Word бағдарламасымен іске асады. Бұл бағдарлама теру жолағының форматы, беттеу жолағының саны, шрифт гарнитурасын қою, мәтін және абзац аралығын белгілеу және өзге мүмкіндіктерге ие. Түзетуге гранка түрінде мәтінді шығаруға матрицалы немесе желілі принтер, жолақ шығаруға желілі немесе лазерлі принтер, дайын монтаж немесе түпнұсқа макетінің жолақтарын шығаруға фототеру автоматы пайдаланылады.

Терудің техникалық ережелері. Теру дегеніміз – белгілі форматта грамматикалық және техникалық ережелерді сақтай отырып мәтін жолдарын алу процесі.

Жолдар арасындағы аралық бір-бірінен ерекшеленбеуі керек. Сөз арасындағы ашық орын жарты кегілге тең болады. Бір басылымды теру кезінде абзац бәріне бірдей болуы керек. Нүкте және үтір алдыңғы сөзден бөлек қойылмайды. Көп нүкте сөйлем соңында соңғы сөзден, сөйлем басында алдыңғы сөзден бөлек жазылмайды.

1-ші теру тобы 10% ерекшеленулер кездесетін қарапайым мәтін. 2-ші теру тобы 25% ерекшеліктерден тұратын қиындатылған мәтін.

Ерекшеліктенген мәтін – оқырман көзіне ерекше көрінетін, жалпы мәтіннен шрифт немесе өзге әдістермен ерекшелінген мәтін. Мәтіндегі

ерекшеліктер ашық – композиционды, графикалық және шрифттік болуы мүмкін.

Мәтін ішіндегі нұсқамалар негізгі мәтіннен 2п төмен сол форматта немесе жиырылып теріледі. Жиырылу абзацтан үлкен болуы керек.

Түзету. Мәтінді түзету – түзетілетін таңбада арнайы түзету таңбаларын пайдаланып қате табу және түзету операцияларының жиынтығы. Түзету операциясы түпнұсқа бойынша фотоформа немесе форма даярлау процесінен кейін міндетті түрде жүргізіледі. Беттелген жолақ табақтарына қол қойылғаннан кейін, барлық түзетулер қол қойылған таңба бойынша жүргізіледі.

Түзету таңбасы – теру таңбасы, фототеру көшірмесі, фотоқағаздағы мәтін позитиві немесе принтерден шыққан таңба. Барлық жағдайда түзету таңбасы қағазға шығарылу керек, олар дәл және нақты, түзетуде қолданылатын сия жағылмауы керек.

Түзету баспаханалық және баспалық болып бөлінеді.

Баспалық түзету оқу, грамматикалық, стильдік және мағыналық қателерді түзетуден және бақылаудан, басылымның біркелкілігін бақылаудан, теру және беттеу кезінде туындайтын техникалық ақауды табудан тұрады. Бірінші оқу мәні түпнұсқа бойынша барлық техникалық ережелерге сай теру дәлдігін бақылау. Беттелген жолақтарды қосымша түзету мақсаты беттеу дәлдігін бақылау. Бұл өте маңызды, өйткені оған қол қойылып типографияға беріледі.

Баспаханалық түзету түпнұсқа бойынша беттелген жолақ және қағазға шығарылған мәтін түзетулері. Егер теру және беттеу типографияда жасалса, қол қойылған түзету бойынша жолақ түсірілімін түзету. Жолақтардың дұрыс орналасқанын оқу кезінде түзетуші екі қатар орналасқан жолақтардың колонцифрін қосу арқылы бақылайды, олардың қосындысы бірінші және соңғы жолаққа 1 қосқанға тең.

Форманы даярлап машинаға орнатқан соң, қол қояр алдында таңба сапасы мен келтіру дәлдігі қарастырылады. Содан соң қол қойылады, осы табак таралым бойына эталон болады [3].

Бейнені өңдеу. Бейнелік ақпаратты компьютерге енгізу үшін сканер және сандық фотоапараттар қолданылады. Бұл құралдар бейнені нүктелерге бөліп санайды да, әр бейне нүктесінің оптикалық тығыздығын сараптап, оның өлшемін екілік сандық кодқа айналдырады. Мұнда түсті бейненің негізгі түстерге ауысуы жүреді. Әр түс үшін бейне туралы сандық ақпарат графикалық станцияға келіп түседі. Бейнелік ақпараттың графикалық станция компьютеріне түсуі магнитооптикалық және оптикалық дисктер арқылы немесе басқа ақпаратты өңдеу жүйелерімен байланысу арқылы іске асады.

Бейнені фотоматериал немесе формалық материалда айқындау үшін, бейне беті туралы ақпаратты немесе басылымның баспа парағын ақ немесе қара нүктелер түрінде беру керек. Ол үшін арнайы компьютерлер болады. Бұл жоғары жылдамдықтағы есептеу құралдары бейнені біртіндеп жазу процессін басқаратын, бейнені растрлейді және экспонирлеу матрицасын тұрғызады. Теру, графикалық, беттеу станцияларының және де толық форматты өңдеу

станциясының негізі мына Power Macintosh, IBM-CP дербес компьютерлері болып табылады.

Компьютерлік құралдар полиграфиялық құралдарға жатпайды, ол тек басуға дейінгі процессте өз қолданысын тапқан.

Сканер – жазық объектідегі (әдетте қағаз, пленка немесе фотоқағаз) мәтінді, суретті, слайдтарды, фотосуреттерді компьютердің мониторуна енгізу құралы. Сканер бейнені есептегенде түрлі оптикалық тығыздықтағы нүктелер жиынтығы ретінде береді. Бұл нүктелердің оптикалық тығыздығының дәрежесі туралы ақпарат сұрыпталып, екілік сандық формаға келтіріліп әрі қарай өңдеуге жүйеге енгізіледі. Бейнені сұрыптау сканерлеу әдісімен іске асады. Сканер құралы көбіне қолданылатын фотоқабылдағышпен анықталады. Профессионалды сканерлерді басуға дейінгі жүйелерде қолдану үшін келесі белгілеріне байланысты жіктеуге болады: түпнұсқаның орналасу сипатына қарай – планшетті, проекциялық және барабанды сканерлер болады; орын ауыстыру сипатына қарай – түпнұсқасы қозғалатын және қозғалмайтын; түпнұсқа санаушы түріне қарай – түсті және ақ-қара сканерлер; сканерлеу режиміне қарай – бір өтімді және үш өтімді сканерлер; сканерлеу технологиясына қарай – фотоэлектрондықөбейткішті сканерлер, бір және үш сызғышты зарядты байланысы бар құралдар, матрицалы зарядты байланысы бар құралдар; сканерлеу кезінде оптикалық бөлшектердің қозғалу түріне қарай – қозғалмалы санауышты, қозғалмалы айналы және гибридты, соңғысында айна да санауыш та қозғалмалы болып бөлінеді.

Сканерлердің ең көп тараған түрінің бірі – планшетті сканер. Барлық модельдері қақпағы алынатын болып келеді, ол кітап, журнал сканерлеуге мүмкіндік береді. Кейбір моделдерде қосымша бөлек парақ беру механизмі орнатылады. Планшеттік сканерлер мөлдір түпнұсқаны сканерлеу үшін слайдты – модульмен жинақталуы мүмкін. Слайдты модульде жоғарғы жағынан орнатылған өз жарығы болады. Мұндай слайд модуль планшетті сканер қақпағының орнына орнатылып сканерді әмбебап сканерге айналдырады.

Түске бөлу. Баспаханалық беттеу және жолақтарды макеттеу бағдарламалары, графикалық редактор Corel Draw және растрлы графика бағдарламасы PhotoShop түске бөлу параметрлерін екі әдіске бағыттауға мүмкіндік береді. Біріншісі, түске бөлудің барлық параметірін енгізу, екіншісі шығару құрылғысының түстік профилін беру.

Түске бөлуді реттеу бояу және қағазға сәйкес дұрыс түстік профил таңдау. Түс профилін бейне-режим-түс СМҮК таңдау көмегімен белгілейді.

New Color сканерлеу және түске бөлу бағдарламасы. New Color 7000 – бұл дүниедегі кең тараған сканерлеу және түскебөлу бағдарламасы. New Color бағдарламасының ерекшелігі ол білгір маманға және жаңа бастаушы маманға бірдей дәрежеде түсінікті. Білгір маманға керекті заттар қолайлы интерфейске жинақталған. Жас маманға үйрену мүмкіндігін, бағдарлама қарапайым басқарылатындықтан, жақсы сканерлеу нәтижесін алу, бейнені басу дәрежесіне дейін өңдеу және түс беру талаптарын сақтау мүмкіндігін береді. Мұнда автоматты сұрыптау, түрлі түпнұсқаларды автоматты түрде оқу, бумалы және

желілі сканерлеу операциялары орындалады. Және де қосымша кең ауқымда СМҮК түзету қызметі бар, мысалы, интерактивті GCR/UCR – түзету [4].

Беттеу процесі. Беттеу – форма және фотоформа даярлау процесіндегі негізгі операцияның бірі. Бұл операция белгілі форматтағы кітап және журнал беттерін құрудан тұрады. Мәтін мен бейне орналасуына байланысты басылым сапасы анықталады.

Басылымның басу түріне қарай беттеу журналдық, кітаптық, газеттік, акциденттік болып бөлінеді. Әр басылымның өзіне тән беттеу түрі мен ерекшелігі бар. Кітап-журналдық беттеудің сипаты күрделілік дәрежесіне байланысты.

Журнал беттеудің негізгі ережелері келесідей:

- белгілі басылымның толық жолақтары биіктігі бойынша бірдей, яғни негізгі теру жолдарының саны бірдей болуы керек. Бейне немесе қосымша мәтін беттеу кезінде неше толық жол алынып тасталу керектігі есептеледі;

- беттеу келтірілген болуы керек, яғни тақ жолақтағы теру жолдары, жұп жолдағы ашық жермен сай келуі керек;

- беттеу кезінде жолақтардың тік бұрыштығы сақталуы керек, жолақ соңғы толық емес абзац жолынан басталып және абзацты жол басталуымен бітпеуі керек. Тақ емес жолақты көшірумен аяқтауға болмайды;

- беттеу біркелкі болуы керек, яғни біртекті жолақ элементері бірдей беттеліп және басылым бойына бір текті болуы керек. Ашық жер өлшемінен ауытқу негізгі мәтін кегіліне байланысты 4-6 пунктен аспауы керек.

Жалпылама мәтінді беттеу қиынға соқпайды, қазіргі кезде фототеруде дербес компьютер қолданысында, ол автоматты түрде орындалады.

Безендірілуі бойынша бастапқы үш жолақтың үш түрі болады: түсіріліммен, түсірілімсіз бірақ атымен, шмуцтитул түрінде.

Соңғы жолақтарды беттеу кезінде келесі ережелер сақталады: мәтін аз болса, оны алдыңғысына сидыру керек, келмесе толық жолға $\frac{1}{4}$ қатысында созу керек.

Журналдық беттеудің технологиялық ерекшеліктері. Бір бағаналы журналдарға кітап беттеуі тән, ерекшелігі бағана санына байланысты.

Әр бағананы беттеу жоғарыда айтылған ережелерге сай жасалады: бейне беттеуі сақталады және ілінген жолдар болмауы керек. Қосымша талаптар баған бойынша негізгі мәтін дәлдігін сақтау және бағана аралығын анықтау. Бағана аралығының өлшемі – 6, 12 және 24п, қосымша кейде 2п аралығында оюлы сызық жүргізіледі.

Колонтитулдер барлық жолақ форматына беттеледі және мәтіннен аралық өлшеміндей аралықта орналастырылады.

Барлық бағана мәтініне қатысты рубрика, барлық формат бойына қызыл жолдан жазылады. бұл кезде мәтінді мағынасы бойынша екіге бөледі. Егер рубрика мәтін ішінде орналасса, одан кейінгі мәтінді рубрика астындағы бағанға көшіреді.

Егер суретті бірнеше бағанға көлденең қойса, әр баған мәтіні суреттен кейінгі бағанға өтеді.

Бейнелі көп бағаналы беттеу өте күрделі, сондықтан оны макет бойынша орындайды. Макеттеу – бұл қағазда жасалған беттеу. Макеттің болуы беттеуді жеңілдетеді. Макеттер графикалық, есептік және желімденген болып бөлінеді [5].

Түс сынамасы. Түстік бейне үшін арналған жабдық және технологиялық процесс түс сынамасы болып табылады. Түс сынамасы: сандық, жұмсақ, қатты, контрастты, аналогты болып бөлінеді. Түс сынамасы көмегімен басу таңбасы туралы біршама жақын көрініс алуға болады. Түс сынамасын жекеше жабдық ретінде қарайды, немесе дамыған полиграфиялық өндіріс құраушысы деп алуға болады.

Бірінен кейін бірі екі рет басылған таңба екі түрлі болып алынады. Қазіргі кезде түс сынамасының төрт түрі қолданылады: экрандық, сандық, аналогты және сынама басу.

Сандық түс сынама негізіне басу жабдықтары алынады, оларға электрофотографиялық, түсті, желілі, сублимационды және қатты – сиялы принтерлер жатады. Барлық түссынамалары компьютермен қосылған, ақпаратты сандық түрде алады.

Электронды монтажда беттерді орналастыру. Қазіргі таңда электронды монтажда беттерді орналастыру кең қолданысқа ие. Бұл операция көптеген қосымша жұмыстарды жеңілдетеді. Беттеуден кейін барлық беттердің дұрыс орналасқанын, жинақталғанын көруіміз керек.

Жоғарыда аталған элементтермен қоса беттерде өзінің рет номерлері болып табылатын колонцифр сандары болады. Осы колонцифрларға қарап, беттердің дәл орналасқанын көре аламыз. Теру жолақтарын беттеу үшін жалпы жағдайлар. Теру жолақтарында (бастапқысы мен ең соңғысынан басқасы) негізгі мәтін жолдарының бекітілген сандары болуы керек. Яғни, биіктіктері бірдей болуы керек. Ауытқу мүмкіндігі $\pm 0,5$ мм. Беттеу жетекті болуы керек, яғни тақ жолақтың негізгі мәтін жолдары жұп жолақты мәтін жолдарына қарама-қарсы дәл орналасуы керек [6]. Электронды монтаждау операциясын Signastation электронды монтаж станциясы арқылы жүзеге асырады. Электронды монтаж басуға дейінгі өңдеу уақытын және мүмкін болатын қателіктер санын азайтады. Signastation электронды монтаж станциясы тек постскрипт форматындағы файлдармен ғана емес, қосымша Delta List, PDF, DCS форматындағы файлдармен де жұмыс істейді. Оның Delta Tehnology мен бірге жұмысы өте тиімді.

Бұл кезде Signastation электронды монтаж станциясында Delta List форматындағы құжатты құруда автоматты түрде өзгертін аз мүмкіндікті файлдар қолданылады. Яғни Delta Tehnology растрлеуші процесорында. Осылайша, компьютерлі желіге және жұмыс станциясына жүктеме төмендейді. Ең бастысы барлық құжат тексеруден және Delta List өңдеуден өткендіктен, қателіктер болуы мүмкін емес.

Signastation электронды монтаж станциясының негізгі мүмкіндіктері:

- WYSIWYG ішкі қарқынды жұмыс режимі – электронды жарық столы;
- Delta List, PDF, DCS, PostScript форматтарымен жұмыс;

- стандартты схема таңдаудың және өз схеманды жасаудың мүмкіндігі;
- қол монтажы кезінде болатын дәлсіздіктерді жою;
- кіруші файл қателіктерінің болмауын тексеру;
- CIP3 PPF (Print Production Format) толыққамтылуы;
- стандартты және тұтынушылық белгілер мен бақылау жолақтарын пайдалану мүмкіндігі;
- CFF2 форматындағы файлды қамту, CFF2 форматына негізделген элементтердің автоматты түрде реттелуі және орын ауыстырылуы;
- PostScript форматындағы дайын құжаттар экспорты.

Электронды монтаждау операциясының дұрыстығын анықтау үшін плоттер арқылы сынама таңбалар алынып, болашақ басылымның қателіктерін қарастырады.

Плоттер – үлкен дәлдікпен қиын сызбалар, бейнелер, сұлба, карта басқа да графикалық ақпараттарды автоматты түрде сызып көрсететін құрылғы. Оның көмегімен болашақ таңбаның бояулар сәйкестігін, беттердегі колонцифралардың дұрыс орналасуын тексеруге болады.

Computer-to-Plate технологиясы (компьютер – басу формасы, қысқартылған аты Ctp) бұл басу формасының жасалуы, оның бетінде бейненің түзілуі компьютерден тікелей берілген сандық ақпарат негізінде жүзеге асады. Осының ішінде, форма жасау барысында, бұрынғы дәстүрлік технологиялық әдісте кездесетін аралық жартылай фабрикаттар: фотоформалар, көшірмелік түпнұсқа үлгілері, монтаж және т.б. технологиялық операциялар айналымнан шығып қалады.

Computer-to-Plate технологиясын енгізу дәстүрлі технологиямен салыстырғанда айқын басымды жетістіктерге ие. Уақыты бойынша технологиялық айналымның қысқаруы кәсіпорын иесіне басылымға салынған инвестицияның тез-тез айналымға түсуін қамтамасыз етеді. Өндірістік цехтан фототеру автоматы, айқындау машинасы, көшірмелік жабдықтардың алатын орыныбосайды. Нәтижесінде, өндірістік алаңды және техниканы сатып алу мен оны тасымалдауға кететін шығынды, электр энергиясын үнемдеуге әкеліп соғады. Сондай-ақ қызмет көрсетуші жұмыскер саны да кемиді. Полиграфиялық кәсіпорында пленкаларды химиялық өндеудің қажетсіздігі себебінен экологиялық жағдайда жақсарады, өндіріс мәдениеті дамиды және технологиялық процестерді ұйымдастыру жеңілдейді.

Ctp технологиясын өндіріске енгізу мынандай артықшылықтарды береді:

- 1) басу формаларын жасаудың технологиялық цикл уақыты қысқарады;
- 2) фотоматериалды өңдеу операциялары болмайды;
- 3) фотоформаны формалық пластиналарға көшірмелеу операциялары болмайды;
- 4) экспозицияланған формалық пластиналарды өңдеу операциялары болмайды.

Ctp технологиясын енгізу фототеру және формдық процесс технологиясымен салыстырғанда өте тиімді болып келеді.

Delta Tehnology – бағдарлама аппаратты растрлеуші процессор Heidelberg CtP жүйесін және барлық фототеру автоматын қамтиды. Ол өзінде күрделі басуға дейінгі жүйені құру үшін керекті аппаратты растрлеудің жоғары сапасын біріктіреді және өте тиімді функционалды қамтылған.

Көп жылдар бойына қол жеткізген иррационалды растрлеу алгоритімі жоғары сапалы, растрлеу муары жоқ, жақсы бөлшектенген бейнелі және ауыспалы градиентті таңба алуға мүмкіндік береді.

Delta Tehnology бағдарлама – аппаратты растрлеуші процессордың негізгі қасиеттері:

- иррационалды растрлеу;
- растрлеу дәлдігі – 0,0000012 градус және 0,000000015 Lpi тең;
- пленка қолданудың дамыған функциялары;
- жұмыстарды түс реңінде де, бөлек сепарациямен де шығаруға дейін көру мүмкіндігі;
- басудың әр кезегі үшін жеке көрсеткіштер;
- түсті басқару жүйесі;
- трепинг модулі;
- электронды монтаж және жолақ түсірілімі станциясынан көшіру;
- түс сынама баспасының түрлі нұсқалары;
- OPI сервері;
- растрлеудің арнайы әдістерінің бар болуы.

1.5 Негізгі жабдықтарды таңдау

Мәтіндік ақпаратты теру үшін Intel Pentium Dual Core компьютері қолданамыз. Бұл компьютерге толық мәлімет бере кетсек: дайын жұмыс орны – әр түрлі офсетті жұмыстардың оптималды шешімі болып келеді. Офисты ұсыныстар және әр түрлі мәлімет базаларымен жоғары дәрежелі жұмыс атқарады. Сонымен қатар, сауда нарығында бағасы өте тиімді.

Intel Pentium Dual Core компьютерінің техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген.

2 Кесте – Intel Pentium Dual Core компьютерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Процессор типі	Intel Pentium Dual Core
Процессор тұрақтылығы	2800 МГц
Чипсет	Intel® G41 + Intel® ICH7
2-ші дәрежелі есте сақтау-кәші	2 Мб
Оперативті есте сақтау типі	DDR3
Оперативті есте сақтау көлемі	2048 Мб
Қатты диск өлшемі	1000 Гб
Қатты дисктің айналу жылдамдығы	7200 айн/мин
Қатты диск бақылаушысы	SATAII

2-кестенің жалғасы

Корпус типі	Miditower ATX
Видеоадаптер	Intel® Graphics Media Accelerator X4500
Аудио	6-Channel High-Definition Audio
Беттік панель өлшемі	USB 2.0-2шт / Audio out / Mic in
Жүйелі адаптер	Интегрирленген 10/100
Блок қорегі	380 Вт
Оптикалық құрылғысы	DVD±R/RW-CD-R/RW
Өлшемі	182×425×415 мм
Клавиатура	Бар
Тышқан	Бар
Қосымша мәліметтер	Монитор 18.5 LG W1946SN-BF black
Орамадағы өлшемі	52,5×62,0×27,5 см

Бейнелік ақпаратты өңдеу үшін Apple Macintosh компьютері қолданылады. Apple iMac (MC015/B) моделі сегізядролы Intel Core 2 Duo процессорлы, 1024 Гб оперативті есте сақтауы және кем дегенде 1 Гб DDR3-і бар NVIDIA GeForce 9400M бар. Конфигурациясы өте мықты. 3D – модельдеу, монтаж және рендеринг HD – видеомен қамтамасыздандырылған, қуаты бір станцияға жеткен [4].

Apple iMac компьютерінің техникалық сипаттамасы 3-кестеде көрсетілген.

3 Кесте – Apple iMac компьютерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
UID тауары	MC015
Өндіруші	Apple
Моделі	iMac
Типі	Бәрі біреу
Процессор	Intel Core 2 Duo
Процессор моделі	E4400
Сокет	LGA 775
L2 кэш-есте сақтау	2x1024 Кб
Оперативті есте сақтау типі	DDR3
Оперативті есте сақтау көлемі	1024 Мб
Диагональ	20 дюйм
Максималды мүмкіндігі	1680×1050
Қатты диск көлемі	160 Гб
Қатты диск бақылаушысы	SATA
Веб - камера	Бар
Видеокарта	Дискретті
Дискретті видеокарта	NVIDIA GeForce 9400M
Видео есте сақтау көлемі	256 Мб
Оптикалық құрылғысы	DVD+R/RW&CDRW
Коммуникация құрылғысы	GLAN, WiFi, Bluetooth, ИК-порт
Қосымша аксессуарлары	Тышқан, клавиатура

3-кестенің жалғасы

Артқы панель көлемі	4×USB, 1×RJ-45, FireWire 800, Mini DisplayPort, Mic-in, Line-in
Операциялық жүйесі	Mac OS X Snow Leopard
Түсі	Күміс түстес
Камера	iSight
Өлшемі	56.9×52×20.9 см
Салмағы	9,1 кг
Орамасы	RTL

Беттеу операциясы – MicrosoftWord бағдарламасында теріліп, Adobe Page Maker, Illustrator, Quark Press, Fine Reader, қазіргі кезде Indesign бағдарламалары арқылы беттеледі. Бұл бағдарламалар қызметі HP - Bundle 3130 Pro MT Core i3-550 компьютерінде орындалады.

HP-Bundle 3130 Pro MT Core i3-550 компьютерінің техникалық сипаттамасын 4-кестеден көре аламыз.

4 Кесте – HP- Bundle 3130 Pro MT Core i3-550 компьютерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Процессор типі және құрылымы	Intel Core i3 - 3200MHz
Процессор тұрақтылығы	3200 Mhz
Чипсет	Intel H57 Express
2-ші дәрежелі есте сақтау-кәші	4 Мб
Оперативті есте сақтау типі	DDR3
Оперативті есте сақтау көлемі	2 Гб
Оперативті есте сақтаудың максималды көлемі	16 Гб
Қатты диск өлшемі	320 Гб
Қатты дисктің айналу жылдамдығы	7200 айн/мин
Қатты диск бақылаушысы	SATA
Кардридер	22 1-де
Корпус типі	Mini-Tower
Видеоадаптер	Intel Graphics Media Accelerator Core HD
Жүйелі карта	Realtek ALC888S
Блок қорегі	300 Вт
Оптикалық құрылғы	DVD-RW
Операциялық жүйесі	Windows 7 Professional
Клавиатурасы/тышқан	Бар
Салмағы	7,88 кг
Өлшемі	185 мм x 416 мм x 385 мм

Қазіргі таңда электронды монтаждауда беттерді орналастыру кең қолданысқа ие болуда. Бұл операция көптеген қосымша жұмыстарды жеңілдетеді. Беттеуден кейін барлық беттердің дұрыс орналасқанын,

жинақталғанын көруіміз керек. Бұл операцияны орындау үшін HP Pavilion «p6 2050cim+20»HP 2011×(H0L55EA) компьютері қолданылады.

HP Pavilion «p6-2050cim+20» HP 2011×(H0L55EA) компьютерінің техникалық сипаттамасы 5-кестеде көрсетілген.

5 Кесте – HP Pavilion «p6-2050cim + 20» HP 2011×(H0L55EA) компьютерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Тауардың UID-ы	H0L55EA
Өндіруші	Hewlett-Packard
Моделі	Pavilion p6-2050cim
Типі	Middle Tower
Солет	LGA 1155
Процессор	Intel Pentium Dual Core
Процессордың моделі	G620
Тактық тұрақтылығы	2,6 ГГц
Чипсет	Intel H61
L3 кэш-есте сақтау	3072 Кб
Оперативті есте сақтау типі	DDR3
Оперативті есте сақтау көлемі	4096 Мб
Диагональ	21 дюйм
Қатты диск өлшемі	500 Гб
Қатты диск бақылаушысы	SATA
Веб-камера	Жоқ
Дыбыстық карта	Realtek ALC662
Видеокарта	Дискретті
Дискретті видеокарта	AMD Radeon HD6350
Оптикалық құрылғы	DVD+R/RW&CDRW
Коммуникация құрылғысы	GLAN
Қосымша аксессуарлар	Клавиатура, тышқан
Түсі	Қара
Операциялық жүйесі	Microsoft Windows 7
Блок қорегінің күші	300 Вт
Қосымша	Комплектте монитор HP S2011x, 20" (LV877AA):
Порты	VGA, DVI-D
Өлшемі	16,1×36,8×36,8 см – жүйелі блок; 48,7×38,8×15,9 см – монитор
Орама өлшемі	59×39.5×49.,5 см
Жабдық салмағы	6,7 кг – жүйелі блок; 3,2 кг – монитор
Орамадағы салмағы	14,27 кг
Орама	RTL

Сканерлеу – бейнелерді экран бетіне шығарып (фотосурет, слайд, суретшінің салған суреті, полиграфиялық баспа таңбалар және т.б.) арнайы құрылғылар арқылы өнімді алу процесі. Сканердің планшетті, барабанды түрлері кездеседі.

Сканер Epson Perfection V500 Photo – пленканы сканерлеудің жоғары сапасы және 6400×9600 dpi сұранысты фотосуреттері және Digital ICE технологиясы бар сканер.

Epson Perfection V500 Photo жаңа элегантты және функциялы сканері 6400×9600 сұранысты және оптикалық тығыздығы 3,4 Dmax-қа тең бұл сканер көп көшірім жасайтын және жоғарғы сапаны бағалайтын адамдарға көмекші болып табылады.

Epson Perfection V500 Photo 35 мм пленка және слайдтармен сонымен қатар орташа форматты пленкамен жұмыс істей алады. Ол Digital ICE жаңа технологиясымен қамтылған яғни пленка бетіндегі сызықтарды, автоматты түрде жоюды, жолақтарды және пленка бетіндегі шаң іздерін жоюды қамтамасыз етеді.

Epson Perfection V500 Photo сканерінің техникалық сипаттамасын 6-кестеден көруге болады.

6 Кесте – Epson Perfection V500 Photo сканерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Тип і	Планшетті
Қабылдағыштың типі	CCD
Қағаздың тах.форматы	A4
Құжаттың тах. өлшемі (ұз)	216 мм
Құжаттың тах. өлшемі (ені)	297 мм
Мүмкіндігі	6400×9600
Сканерлеу жылдамдығы	6 бет/мм (ақ-қара)
Сканерлеу жылдамдығы	18 бет/мм (түрлі-түсті)
Бояу тереңдігі	48 бет
Интерфейс	USB 2.0
Сәйкестілік	Windows, Mac OS
Өлшемі (ұз×ені×биік.)	475×272×113 мм
Салмағы	4 кг
Қосымша мәлімет	Слайд-модуль

HP LaserJet Pro P1102 лазерлі принтер. Принтер ақпаратты қағаз бетіне шығару үшін қолданылатын құрылғы. HP LaserJet Pro P1102 лазерлі принтерінің мәліметтері: өндіруші – HP Модель-LaserJet Pro P1102.

HP LaserJet Pro P1102 лазерлі принтерінің техникалық сипаттамасын 7-кестеден көре аламыз.

7 Кесте – HP LaserJet Pro P1102 лазерлі принтерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Электрқорегі - блок қорегі	200 Вт 360 Вт жұмыс режимінде 0,9 Вт күтім режимінде
Өлшемі	349×196×238 мм
Салмағы	5,2 кг
Қағазға арналған бумамен негізгі жабдық өлшемі	349×228×410 мм
Сертификаты	EPA Energy Star
Құрылғы типі	ақ-қара лазерлі принтер
Формат пап.	A4
Сыйымдылығы	2 орам ыдыс
Бірінші беттің шығуы	8,5 сек
Айлық жүктелуі	1500 бетке дейін
Процессор	266 МГц
Жедел есте сақтау	2 Мб (кем емес)
Басу жылдамдығы	18 бет/мин, ақ-қара, А4(жай сапасы)
Датчик/бума	орам 150 бетке – А4 бірбояулы басу
Қабылданған орам 100 бетке	А4 бірбояулы басу
Жүйелі талаптар	MS Windows XP/Vista
Қосылу типі	USB
Интерфейс	USB 2.0. тип 5

Лазерлі (LED) плоттер – электрографикалық технологияға бағытталған құрылғы болып есептеледі. Құрамына кіретін электростатикалық өрістің іс-қимыл күшіне және жарықсезгіш жартылай өткізгіш қабатындағы селен құрамдас материалдардың ішкі фотоэффекттегі физикалық процестері бар.

Осе PlotWave300 PIR лазерлі плоттерінің техникалық сипаттамасы 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – Осе PlotWave300 PIR лазерлі плоттерінің техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Максималды үлкейтілуі	600×1200 dpi
Максималды формат	A0
Басу жылдамдығы	2,3 А0/мин
Технология	электрофотографиялық органикалық фотосезгіш жабыны және жабық тонер жүйесі бар барабанды
Электрқорегі	6,7 кВт

Computer-to-Plate технологиясы (компьютер – басу формасы, қысқартылған аты Сtp) бұл басылым формасының даярлануы, оның бетінде

бейненің түзілуі компьютерден тікелей берілген сандық ақпарат негізінде жүзеге асады. В1 форматындағы офсеттік пластиналарды автоматты экспонирлеу құрылғылары [8].

Стр Heidelberg Prosetter 102 құрылғысының техникалық сипаттамасын 9-кестеден көруге болады.

9 Кесте – Стр Heidelberg Prosetter 102 құрылғысының техникалық сипаттамасы

Атауы	Көрсеткіштер
Лазер типі	410 нм, 60 мВт
Үлкейтілуі	2400-2540 dpi
Дақ өлшемі	6 мкм-ден бастап
Қолдан жүктеу	Бар
Автоматтық	2 кассеталық
Пластина типі	Күміс құрамды немесе полимерлі алюминилі
Пластина өлшемі	Мин. 400×500 мм Макс. 811×1055 мм
Экспонирлеу ауданы	786×1055 мм
Лазер	Күлгін лазерлі диод 410 нм, 5 немесе 60 мВт
Экспонирлеу жылдамдығы	400 сызық/сек.
Макс.өлшемдегі пластина экспонирлеу уақыты	80 сек. 1200 dpi 160 сек. 2540 dpi
Лазерлі дақ өлшемі	6 микрон және одан жоғары
Мүмкіндігі	2400/2540/3386 dpi
Қайталануы	5 мкм
Интерфейс	Standard 100Base-T
Электрқорегі	12,2 кВт
Өлшемі	3730×1785×1560 мм
Салмағы	475 кг

1.6 Бақылау-өлшеу құралдарын таңдау және орнықтыру

Бақылау операциялары объективті құрал өлшеуішті базасында өтілуі керек. Денситометрлік әдіс құралдарды бақылаудың арасындағы ең көп тараған әдіс болып саналады. Түпнұсқадан баспа-таңбаға дейін репродукцияның әрбір бөлімінде қолданылады.

Құрал-жабдықтарды қолданудың сапасын бақылау:

- біріншіден, түсті қабылдау таза субъективті, ал денситометрлік өлшеуде түс объективті бағаны алады;

- екіншіден, денситометр арқылы бақылаудан өткен формалар, болашақта басу кезінде сапасын жоғалтпай өтуі мүмкін. Сонымен қатар денситометр арқылы таралымды және сынама таңбалардың салыстыруын тез және объективті өткізуге болады.

Techkon R410/R410e (СМҮК-ты өлшеу денситометрі). Бұл денситометрлер СМҮК өлшемі бойынша барлық қажетті сапалы толық түсті қамтамасыз етеді: тығыздықты, тығыздықтың әртүрлілігін, растрлы нүктелердің пайызын, басу қанықтылығын. Басу формасы сияқты баспа-таңбаларды да өлшеуі мүмкін. R410e моделі қосымша треппингті дақты және түс қателігін өлшеуге көмектеседі. Енгізілген дисплей және аккумулятор денситометрлерімен кез-келген ыңғайлы жерде қолдануға көмектеседі. Қажеттілік туғанда есеп беруді жасау үшін немесе статистика мазмұны үшін берілген өлшемдер жалғастыру порты бойынша компьютерге беріледі [5].

